



«РЕФЕРЕНДУМ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН КҮН ТУРАЛЫ»

2026 жылдың 15 наурызында Республикалық референдум өтеді.

Референдумға қатысу құқығына 18 жасқа толған республика азаматтары ие болады. Референдум ерікті қатысу, еркін ерік білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру қағидаттарына сай өтеді. Референдумда «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылды.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан
Республикасының
Орталық референдум
комиссиясы



САҚТЫҚ

ҚЫС МЕЗГІЛІНІҢ ҚЫТЫМЫР МІНЕЗІ МЕН СОҒҒЫ КҮНДЕРІ ҚАЛЫПТАСҚАН ҚОЛАЙСЫЗ АУА РАЙЫ АУДАН АУМАҒЫНДАҒЫ БІРҚАТАР ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТІРШЛІГІНЕ ЕДӘУІР ҚИЫНДЫҚТАР ТУҒЫЗДЫ. ӘСІРЕСЕ ҚАРДЫҢ ҚАЛЫҢ ТҮСУІ САЛДАРЫНАН ШАЛҒАЙ ОРНАЛАСҚАН ШАРУАШЫЛЫҚТАРҒА АПАРАТЫН ЖОЛДАР ЖАБЫЛЫП, ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕСІ КҮРДЕЛЕНЕ ТҮСТІ.

ШАЛҒАЙДАҒЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРҒА ЖОЛ АШЫЛДЫ

Бұл жағдай мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтардың жұмысын тежеп, жем-шөп тасымалдау мен күнделікті қозғалысқа кедергі келтірді.

Осыған байланысты аудан әкімдігіне шаруа қожалықтары тарапынан бірнеше өтініш-шағымдар келіп түсті. Шаруалар қысқы кезеңде туындаған өзекті мәселелерді алға тартып, жолдардың қар құрсауында қалып отырғанын айтып, көмек көрсетуді сұраған. Аталған өтініштер назарға алынып, мәселе жергілікті атқарушы орган тарапынан жедел түрде қаралды.

Аудан әкімі Р.Шалбаевтың тікелей тапсырмасына сәйкес өткен аптада аудан аумағындағы шаруашылық бағыттарындағы жолдарды тазалау мақсатында арнайы техникалар жұмылдырылды. Қар тазалау жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылып, ең алдымен қатынас қиындаған және шаруашылық үшін маңызы жоғары бағыттарға басымдық берілді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде бірқатар шаруашылықтарға апаратын жолдар толықтай тазартылып, көлік қозғалысы қайта қалпына келтірілді. Бұл – шаруақожалықтарына қытымыр қыс қиындығын жеңілдетіп, мал азығын жеткізу мен күнделікті жұмыс барысының қалыпты жүруіне мүмкіндік.

Аудан басшысының тапсырмасына сәйкес жол тазалау жұмыстары апта соңына дейін жалғасып, шаруаларға барынша қолайлы жағдай жасау көзделген. Арнайы техникалардың көмегімен аудан аумағында шаруашылықтарға қатынау бағытындағы 45 шақырымға жуық жол қардан тазартылды. Қазіргі таңда да жауапты бөлімдер жағдайды бақылауда ұстап, ауа-райының



өзгеруіне байланысты қосымша шаралар қабылдауға дайын екендіктерін жеткізді.

Жалпы қысқы кезеңде туындайтын осындай күрделі жағдайларда жергілікті билік пен шаруалар арасындағы өзара байланыс пен жедел әрекет ету – маңызды факторлардың бірі.

Алдағы уақытта да аудан әкімдігі тарапынан ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек адамдарына қолдау көрсету жұмыстары жалғасын таба бермек.

МЕРЕЙ

АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНА ЖОЛДАМА



АҚПАН АЙЫНЫҢ 4-7 КҮНДЕРІ ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДА «КУРАШ» КҮРЕСІНЕН ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТКЕН БОЛАТЫН.

Аталған чемпионат – ұлттық құрама сапын жасақтаудағы маңызды бәсекелердің бірі. Өйткені байрақты бәсеке қорытындысы бойынша жеңімпаз атанған спортшыларға Жапонияда өтетін Азия ойындарына қатысуға жолдама берілмек.

Осы бәсекеде жерлесіміз, «Қара бұра» лақап атымен елге танымал Нұрдәулет Жарылғапов +120 келі салмақ дәрежесінде бозкілемде белдесті.

Жарыс барысында жоғары дайындық деңгейімен тактикалық сауаттылығының арқасында күш-жігерін айқын көрсете білген Нұрдәулет қарсыластарының қарымына қарамастан, әр белдесуде басымдық танытып, сенімді күрес үлгісін көрсетті.

Шешуші кезеңдерде де салқынқандылық сақтап, әдіс-айласын ұтымды пайдалана білген спортшы қарсыластарынан басым түсіп, жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Осылайша, Нұрдәулет Жарылғапов Қазақстан Республикасының чемпионы атанып, алдағы Азия ойындарына жолдама иеленді.

Бұл жетістік – спортшының табанды еңбегі мен үздіксіз жаттығуының жемісі. Жоғары нәтижеге жету жолында төгілген тер мен қажырлы дайындықтың арқасында ол ел сенімін ақтап отыр. Сонымен қатар бұл жеңіс өңір спортының дамуына серпін беріп, жас палуандарға үлкен жігер болары сөзсіз.

Алда Нұрдәулетті жауапты халықаралық сын күтіп тұр. Жапонияда өтетін Азия ойындарында ол ел намысын қорғап, жоғары нәтиже көрсетеді деген сенімдеміз.



БЕЙНЕУ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

2026 жылдың 15 ақпанында Бейнеу ауданының Төлеп ауылы әкімінің сайлауы өтті.

Бейнеу аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 113-10-бабына сәйкес Бейнеу ауданы, Төлеп ауылының әкімін сайлау нәтижесі туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде сайлау қорытындысын белгіледі:

Төлеп ауылы бойынша сайлаушылар тізіміне 508 сайлаушы енгізілді, олардың 360-ы дауыс беруге қатысты. Жарамсыз бюллетеньдер саны - 2, «Бәріне қарсымын» белгісі бар бюллетеньдер саны - 9.

Өрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

Балтабаев Нұрдәулет Тоғайұлы – 256, Орынғали Сұлтан Сергейұлы – 58, Копжурсинов Нурмухан Адилханұлы – 35.

Төлеп ауылының әкімі болып Балтабаев Нұрдәулет Тоғайұлы сайланды, 1996 жылы туған, «Бейнеу ауылы мансап орталығы» директор. Бейнеу ауылында тұрады. «AMANAT» партиясы ұсынған.

Бейнеу ауданының аумақтық референдум комиссиясының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы ХАБАРЛАМА

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабы 3-тармағына, «2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 11 ақпандағы № 1170 Жарлығына, «2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы 2026 жылғы 12 ақпандағы № 6/10 қаулысына сәйкес Бейнеу ауданының аумақтық референдум комиссиясының құрамын, орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

Бейнеу ауданының аумақтық референдум комиссиясы Орналасқан жері: Бейнеу ауылы, Бейнеу аудандық әкімдігінің «Бейнеумәдениет» МКҚК-нің «Ұстаздар үйі» ғимараты, 1-қабат, телефон: 872932(код) 2-11-28

Комиссия төрағасы – Саурбаев Даулет Естореевич
Хатшы –Еркешбаева Гульжазира Алдабергенқызы
Комиссия мүшелері: Бержанов Талгат Тиркесович, Джанжигитова Жұлдыз Сазановна, Жолдасбаев Берик Нуркуатович, Жұмабек Темірлан Амангелдіұлы
Аумақтық референдум комиссиясының жұмыс уақыты сағат 9:00-18:30, үзіліс 12:30-14:00

Бейнеу ауданының учаскелік референдум комиссияларының құрамы, орналасқан жері, шекарасы және жұмыс уақыты туралы ХАБАРЛАМА

№ 113 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының «Бейнеу гуманитарлық колледжі» МКҚК ғимараты, телефон: 872932 (код) 2-51-06

Шекарасы: Бейнеу ауылының Б.Майлин атындағы көшесінің №1-57 үйлері, Қ.Сәтбаев атындағы көшесінің №1-86А үйлері, Ә.Жангелдин атындағы көшесінің №1-35 үйлері, М.Әуезов атындағы көшесінің №1-36 үйлері, Атақозы батыр атындағы көшесінің №1-34 үйлері, Самалық атындағы көшесінің №1-30 үйлері, Досат атындағы көшесінің №1-25 үйлері, Дүйсенғали Көшеров атындағы көшесінің №1-25 үйлері, Т.Рысқұлов атындағы көшесінің №1-80 үйлері, Айназар ата атындағы, С.Датұлы атындағы, Ш.Құдайбердіұлы атындағы, М.Жұмабаев атындағы, Жылқыбай Қосаманов атындағы көшелердің үйлері.

Төраға – Жолмуратов Сұңғат Абатұлы
Төраға орынбасары – Дүйсалиева Айкониел Бегейбаевна
Хатшы – Өтесінова Ақгүл Өтесінқызы
Комиссия мүшелері: Енсененов Танат Муктарович, Смаилова Анар Санаковна, Танатаров Мирас Сарсенбаевич, Усенов Сарсен Сандибаевич

№ 114 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Жұмағали Қалдығараев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 2-56-87

Шекарасы: Бейнеу ауылының Ақтан Керейұлы көшесінің № 21-114 үйлері, Ә.Молдағұлова, И.Тіленбайұлы, С.Сейфуллин, Қ.Ешанов, Барақ батыр, Қ.Төлеуұлы, Байқұл қажы Қаныбекұлы, А.Жұбанов, Е.Бөкетбайұлы, Ж.Байбозұлы атындағы көшелердің үйлері.

Төраға –Демеуов Балунияз Алданиязулы
Төраға орынбасары – Мелешов Азамат Кенесбаевич
Хатшы – Айтбаева Алия Нурбайқызы
Комиссия мүшелері: Қалжанов Қуандық Абайұлы, Рзабекқызы Айгерім, Жиренова Зинеш, Ширджанов Нурмухан Шыхбаевич

№ 115 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Үстірт жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 2-66-61

Шекарасы: Бейнеу ауылының И.Сүйеубаев атындағы көшелерінің үйлері, Ә.Жангелдин атындағы көшесінің №36-92 үйлері, М.Әуезов атындағы көшесінің №37-85 үйлері, Атақозы батыр атындағы көшесінің №35-93 үйлері, Досат атындағы көшесінің № 101-120 үйлері, Ақтан Керейұлы атындағы көшесінің № 1-20 үйлері, Ерменбет би атындағы көшесінің № 1-28 үйлері, Тұрманбет батыр атындағы көшесінің № 1-27 үйлері, Әділ атындағы көшесінің № 1-27 үйлері, Тастемір атындағы көшесінің № 1-28 үйлері, Тұрсын атындағы көшесінің № 1-20 үйлері.

Төраға – Сағынов Самат Оразбаевич
Төраға орынбасары – Ишмуратов Ерлан Танатарұлы
Хатшы – Мендикулова Акмарал Қуанышевна
Комиссия мүшелері: Байдығұлов Утеғали Балтабаевич, Жолдасбай Асылбек Оразғалиұлы, Мухамбетов Қасымжан Балтабаевич, Эбишев Жарылғасын Қонарбаевич.

№ 116 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 2-18-04

Шекарасы: Бейнеу ауылының Сұлтан Бейбарыс атындағы көшесінің №11-69 үйлері, Қосай ата және Д.Тәжиев көшесінің қиылысынан Қосай ата көшесінің Ер-Шабай көшесімен қиылысына дейінгі үйлер, А.Тілеуұлы атындағы, Т.Әлиев атындағы, Ер Шабай атындағы, Мәтжан Би атындағы, Ер Қонай атындағы, Т.Айбергенов атындағы, Төрәмұрат атындағы көшелерінің үйлері.

Төраға – Адилов Серик Карисбаевич
Төраға орынбасары – Қадыр Толқын Сұлтанқызы
Хатшы – Аманқосова Айгерім Қошқарбайқызы
Комиссия мүшелері: Асықбаев Алмас Терекулы, Бегімсалов Абзал Құбығұлұлы, Ғайыпбаев Мейрамбек Жолмұханұлы, Құттығұлов Ғабит Серікұлы.

№ 117 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Бейнеу» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы МКҚК ғимараты, телефон: 872932 (код) 2-69-37

Шекарасы: Бейнеу ауылының Ұлы Жібек Жолы көшесінің № 1-55 үйлері, Досан Тәжіұлы атындағы көшесінің №53-85 үйлері, М.Мәметова көшесінің №44-90 үйлері, Махамбет көшесінің №69-87 үйлері, Т.Әллиязулы атындағы көшесінің №60-84 үйлері, Меңдіқұл батыр атындағы көшесінің № 1-55 үйлері, Азан Балов атындағы көшенің № 63-101 үйлері, Ж.Мыңбаев атындағы көшенің №39-74 үйлері, И.Тайманов атындағы көшенің №25-55 үйлері, Оразмұхамед ахун атындағы, Қыдырша ата атындағы, Рсалы батыр атындағы, Ақбөбек атындағы, Қайып Қорабайұлы, Н. Шыршығұлұлы атындағы, Ізтұрған Меңдіқұлов, М.Бегенов атындағы, Ер Қармыс атындағы, Н.Оңғалбаев атындағы, Қ.Сыдықов атындағы көшелердің үйлері, «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» РММ, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «99116 әскери бөлімі» РММ».

Төраға – Бортанов Нурбол Догдырбаевич
Төраға орынбасары– Мұханбет Алмаш Рахметқызы
Хатшы– Аманбаева Гульмира Қуанышевна
Комиссия мүшелері: Аманбаева Гульмира Смагуловна, Джумамуратов Мурат Мейлисович, Пирманов Ержан Темирханович, Байтілетов Нұрболат Қалпақбайұлы.

№118 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 2-14-90

Шекарасы: Бейнеу ауылының № 1-29, № 53-56, № 59-61 көппәтерлі үйлері, Б. Майлин және С. Бейбарыс көшесінің қиылысынан Б. Майлин көшелерінің Қашаған көшесімен қиылысына дейінгі үйлер, Қосай ата атындағы көшесінің №30-35 көппәтерлі үйлері, С.Ақшабаев атындағы, Ж.Қалдығараев атындағы, Ыбырайым ахун Құлбайұлы атындағы, Ә.Құлбатыров атындағы, Қашаған атындағы көшесінің үйлері, №1 учаскесінің үйлері.

Төраға – Айтмбетов Манарбек Сапарбайұлы
Төраға орынбасары– Усербаев Дәулет Усербайұлы
Хатшы – Ауганбаев Ильяс Сарсенғалиевич
Комиссия мүшелері: Бисенбаев Азамат Бисенбайұлы, Жолдасбай Нұрдәулет Махамбетұлы, Қаржауов Бақытжан Оразбайұлы, Тұржанов Алмат Берікұлы.

№119 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Күйкен жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 50-7-34

Шекарасы: Бейнеу ауылының Бейнеу ауылының Б.Майлин атындағы көшесінің №58-71 үйлері, Ұлы Жібек жолы атындағы көшесінің №56-135 үйлері, Меңдіқұл батыр атындағы көшесінің № 56-137 үйлері, Есекмерген Батыр №18-147 үйлері, Т. Төленов атындағы көшесінің №23-125 үйлері, Бекес Дәрментайұлы атындағы көшесінің №30-145 үйлері, Шолтаман №25-100 үйлері, Д.Көшеров №25-58 үйлері, Досат атындағы көшесінің № 40-100 үйлері, Самалық батыр атындағы №31-75 үйлері, Шиланды, Жиделі , Көлтабан және Тасастау атындағы көшелерінің үйлері.

Төраға – Малбасов Молдахан Султанғалиевич
Төраға орынбасары– Шағанова Бактыгүл Ашықбаевна
Хатшы – Айжанова Алтынгул Жарасовна
Комиссия мүшелері: Мырзатаев Нурбек Маратулы, Абдырасилова Айнур Ергалиевна, Махсымова Әсем Махсымқызы, Оспанов Амандық Бердібекұлы.

№120 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Атамекен жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 50-7-19

Шекарасы: Бейнеу ауылының Қаржаубай Жылқыбаев, Тұрыш ата, Қарақоға, Қарағайлы, Шоғы батыр көшелерінің үйлері.

Төраға – Айтмуханов Нурлан Амангелдиевич
Төраға орынбасары– Төлеуов Қуандық Отызбайұлы
Хатшы– Ізтелиев Шынболат Амантайұлы
Комиссия мүшелері: Амандықова Рабига Оракбаевна, Байеділова Ырысты Серікқызы, Қайыпназарова Әселхан Үргенішбайқызы, Нурлыбаев Абай Алшынбекулы.

№121 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Манашы жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 50-7-06

Шекарасы: Б.Майлин атындағы көшесінің №72-140 үйлері, Рзаевтар атындағы көшесінің №1-49 үйлері, Қ.Сәтбаев атындағы көшесінің №87-160 үйлері, Құлтөбе көшесінің және Сүйінқара батыр көшесінің қиылысынан Құлтөбе көшесінің Сүгір Бегендіқұлы көшесімен қиылысына дейінгі үйлер, Т.Рысқұлов атындағы көшесінің №81-138 үйлері, Шолтаман атындағы көшесінің №1-24 үйлері, Бекес Дәрментайұлы атындағы көшесінің №1-29 үйлері, Есекмерген батыр атындағы көшесінің №1-17 үйлері, Т. Төленов атындағы көшесінің №1-22 үйлері, Рақ батыр атындағы, Аманжол шебер атындағы, Б.Сарбалаев атындағы, Сүйінқара батыр атындағы, Аманбай ата атындағы, Ш.Шыңғысов атындағы, А.Өтеуов атындағы, Қайдақ атындағы, Ақшағыл атындағы, Матай атындағы, Серкебай атындағы, Сүгір Бегендіқұлы атындағы көшелерінің үйлері.

Төраға – Аманов Кайрат Акадидович
Төраға орынбасары– Есмаганбетов Серик Манергеймович
Хатшы – Маренова Айтуган Аманкелдықызы
Комиссия мүшелері: Қызылбаева Гүлдана Рашидқызы, Муратов Адил Абылаевич, Назарбаева Турсынай Бисенбаевна, Нурмуханова Гулнур Қобландиевна.

№122 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Сам жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 50-1-91

Шекарасы: Бейнеу ауылының Балунияз атындағы көшесінің №1-165 үйлері, Қ.Тоқсанбайұлы атындағы көшесінің №1-163 үйлері, Амантурлы батыр атындағы көшесінің №1-143 үйлері, Бозжыра көшесінің және Есекмерген батыр көшесінің қиылысынан Бозжыра көшесінің Сүгір Бегендіқұлы көшесімен қиылысына дейінгі үйлер, Асау батыр атындағы көшесінің №1-145 үйлері, Қалнияз ақын атындағы көшесінің №1-75 үйлері.

Төраға - Айтқұлов Амандық Орунбасарович
Төраға орынбасары– Аманов Жомарт Акадидович
Хатшы – Меденова Клара Сарсенбаевна
Комиссия мүшелері: Муханбетов Мурат Абенович, Қобланов Ғаламат Түгелұлы, Турумова Гулбану Абдуллаевна, Шалбаев Орынбек Ысқақұлы.

№123 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Бейнеу лицейі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 2-13-51

Шекарасы: Бейнеу ауылының Досан Тәжіұлы атындағы көшесінің №1-52 үйлері, Азан Балов атындағы көшесінің №1-62 үйлері, М.Мәметова атындағы көшесінің №1-43 үйлері, М. Өтемісұлы атындағы көшесінің №1-68 үйлері, Т.Әллиязулы атындағы көшесінің №1-59 үйлері, И.Тайманов атындағы көшенің №1-24 үйлері, Ж.Мыңбаев атындағы көшесінің №1-38 үйлері, Ер Бегей атындағы, Б.Момышұлы атындағы, Е.Айшуақов атындағы, А.Байтұрсынов атындағы көшелерінің үйлері.

Төраға – Азанова Гулраушан Бакитовна
Төраға орынбасары – Байтуғелов Тимур Серикович
Хатшы – Сатыпалды Тобанияз Бисенғалиұлы
Комиссия мүшелері: Әбеннова Арайлым Жолдасбайқызы, Даулетова Майра Багитжановна, Джолдасбаева Гульмира Амантаевна, Төленов Азамат Мәлікұлы.

№124 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Бейнеу жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 5-02-21

Шекарасы: Бейнеу ауылының Қосарқан, Шахан, Уәлі, Сайқұдық, Опорная, Мұрын жырау, Манашы көшелерінің үйлері.
Төраға – Оразалиев Болатбек Ермекбайұлы
Төраға орынбасары – Бердібай Ерлан Бердібайұлы
Хатшы – Аюпова Калампыр Нурбергеновна
Комиссия мүшелері: Жұмағазиев Рахымжан Исембайұлы, Коркинбаев Сары Сағидұллаевич, Мұханов Болатбек Бердібекұлы, Өтеғұлов Асылбек Ғабдоллаұлы.

№125 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Опорный жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 31-2-89

Шекарасы: Боранқұл ауылының 2, 6 және 7 учаскелерінің үйлері.

Төраға - Ботагарин Аскербек Есенбаевич
Төраға орынбасары – Өтепов Серік Жолдыбайұлы
Хатшы – Қамысбай Зада Таубайқызы
Комиссия мүшелері: Кенжебай Есбол Мирамбайұлы, Шойқараев Айдарбек Асқарұлы, Шангытбаева Аршын Касымовна, Хабланова Жадыра Аманкелдіқызы.

№126 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Қарақұм жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 52-0-49

Шекарасы: Боранқұл ауылының 3 және 5 учаскелерінің үйлері

Төраға – Акорозова Жанат Темирбаевна
Төраға орынбасары – Назаров Бауыржан Кайратұлы
Хатшы – Бекмукашева Актоты Абдикалыковна
Комиссия мүшелері: Дүйсенғалиева Гүлдана Келдібайқызы, Исаева Зина Аманбаевна, Қойлыбаев Шоқан Жұмабекұлы, Мерғалиұлы Құдайберген.

№127 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Боранқұл жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 32-7-17

Шекарасы: Боранқұл ауылының 1 және 4 учаскелерінің үйлері

Төраға – Табаракова Балжан Зинетоллаевна
Төраға орынбасары – Сагинғалиев Мухтар Сарсенбаевич
Хатшы – Баймұратова Әсел Баймұратқызы
Комиссия мүшелері: Бекболатов Мұхтархан Бекболатұлы, Сапаров Кайржан Нуримович, Сәден Жания Қадірханқызы, Сапарова Мейрамгул Бисенбаевна

№128 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «М.Бегенов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 72932 (код) 34-6-45

Шекарасы: Ақжігіт ауылының № 1-128 үйлері
Төраға - Ережелов Егизбай Нариманович
Төраға орынбасары - Андамасов Махмуд Аманбаевич
Хатшы – Абилханова Зарипа Бегеновна
Комиссия мүшелері: Курбанов Максат, Қорбақов Қосберді Жиенбекұлы

№129 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақжігіт жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 34-5-24

Шекарасы: Ақжігіт теміржол стансасының № 1, № 2 екі қабатты үйлері, Ақжігіт ауылының № 129-242 үйлері
Төраға - Куандыков Нурлан Куандыкович
Төраға орынбасары - Андамасов Ғабит Аманбайұлы
Хатшы – Қайрақбаева Айттолқын Қайрақбайқызы
Комиссия мүшелері: Абеннова Багила Төлебаевна, Нурлеспесов Сакен Мендикулович.

№130 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Есет мектеп-бөбекжай кешені» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 35-2-44

Шекарасы: Есет ауылының үйлері
Төраға – Қаржау Айбол Нұрымович

Төраға орынбасары – Болтеков Самат Доскуатович
Хатшы – Садакова Мереке Серкенбаевна
Комиссия мүшелері: Байрамбай Жаңбырбай Рахматуллаұлы, Сағынғали Әділет Қайратұлы

№131 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Бейнеу мектеп-интернаты» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 23-3-32

Шекарасы: Сарға ауылының үйлері
Төраға - Оразалиев Канат Темирбекович
Төраға орынбасары - Айдарханова Нурсулу Ендигоевна
Хатшы – Садигулова Узилхан Жайкбайқызы
Комиссия мүшелері: Жәлелов Асылан Қанатұлы, Онгарова Маржан Онгаровна.

№132 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Тұрыш мектеп-бөбекжай кешені» КММ ғимараты, телефон: 8708-430-82-38

Шекарасы: Тұрыш ауылының үйлері
Төраға – Садигулова Онайгул
Төраға орынбасары – Жәумітова Кәмшат Алпамысовна
Хатшы – Сеңгірбекова Әслима Айжарықызы
Комиссия мүшелері: Бекибаева Куланда, Қазиханова Ақнұр Ермұханқызы.

№133 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Сыңғырлау» мектеп-бөбекжай кешені» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 24-3-40

Шекарасы: Сыңғырлау ауылының үйлері
Төраға – Кокимбетов Алқуат Арыкбаевич
Төраға орынбасары – Нурғалиева Нағима Меделовна
Хатшы – Есеров Максат Умканович
Комиссия мүшелері: Амалбаев Мусабек Оңдағанұлы, Тажимова Сандигул.

№134 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Сам мектеп-бөбекжай кешені» КММ ғимараты, телефон: 8 72932 (код) 54-0-30

Шекарасы: Сам ауылының үйлері
Төраға – Ағысбаева Жания
Төраға орынбасары – Калдаулетов Рахимжан Тилекбаевич
Хатшы – Шеркешбаева Дарига Мухитовна
Комиссия мүшелері: Дүйсенов Муханғали Айтжанович, Ерғалиев Айболат Дауылбекұлы.

№135 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Ә.Махұтов атындағы мектеп-бөбекжай кешені» КММ ғимараты, телефон: 8 72932 (код) 32-3-36

Шекарасы: Төлеп ауылының үйлері
Төраға – Абдуллаев Нурсултан Жамелович
Төраға орынбасары – Молдағалиева Замза Алпамысовна
Хатшы – Атраубаева Жанат Жумабаевна
Комиссия мүшелері: Ажбеннова Кундыз Асылбековна, Бурашова Жупар Исламғалиевна.

№136 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Сам мектеп-бөбекжай кешені» КММ ғимараты, телефон: 8 72932 (код) 54-0-37

Шекарасы: Ноғайты ауылының үйлері
Төраға – Түзелова Аксырға Нығметовна
Төраға орынбасары – Бекмұрзаев Бекзат Қойшыбайұлы
Хатшы – Едилова Багила Бердибековна
Комиссия мүшелері: Айладыров Әділет Мұқанбетқалиұлы, Қожанов Бауыржан Тайтақұлы.

№137 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Тәжен мектеп-бөбекжай кешені» КММ ғимараты, телефон: 872959 (код) 38-0-10

Шекарасы: Тәжен ауылының үйлері
Төраға – Базылбекова Нәйла Қобыланқызы
Төраға орынбасары – Колдашбаев Еркебай Есенович
Хатшы – Нурмағанбетова Нуржамал Карлыбаевна
Комиссия мүшелері: Илиясова Ушыға Катарбаевна, Тойлыгулов Самалбек Чандыбаевич.

№138 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің

«Атамекен бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы МКҚК ғимараты, телефон: 872932 (код) 2-19-60

Шекарасы: Бейнеу ауылының С.Қилыбайұлы атындағы көшесінің №1-18 үйлері, Ж.Аймауытов атындағы, Т.Тоқтаров атындағы, Д.Нұрпейісова атындағы, Сәттіғұл атындағы, Жамбыл атындағы, Абай атындағы, Құрманғазы атындағы көшелерінің үйлері.

Төраға – Асанова Ментай Сағатовна
Төраға орынбасары – Мешитбаев Нурлан Маратулы
Хатшы – Калылаева Нурша Сарсенбаевна
Комиссия мүшелері: Жалғасов Айдарбек Қойлыбаевич, Кенжебеков Жасұлан, Мамутов Оспан Оразбаевич, Эсболганова Маржан Нурлановна

№139 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Күйкен бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы МКҚК ғимараты, телефон: 872932 (код) 50-7-51

Шекарасы: Бейнеу ауылының С.Қилыбайұлы көшесінің № 19-30 үйлері, Ерменбет би атындағы көшесінің № 29-135 үйлері, Тұрманбет батыр атындағы көшесінің № 29-135 үйлері, Әділ атындағы көшесінің № 28-135 үйлері, Тастемір атындағы көшесінің № 30-135 үйлері, Тұрсын атындағы көшесінің № 21-135 үйлері, Отырар, Шағырлы, Тамшалы, Тоқабай Құрмаш Қосжанұлы атындағы көшелерінің үйлері.

Төраға – Жалғасбаева Жанат Мамутовна
Төраға орынбасары – Базарбаева Светлана Камысбаевна
Хатшы – Есекенова Гүлжан Нәубетқызы
Комиссия мүшелері: Бегімсалова Самал Құбығұлқызы, Жөнелбаева Зияда Шоланқызы, Жиенбаева Айнаш Искендеровна, Тилегенова Жұлдыз Сапарбаевна.

№140 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Манашы бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы МКҚК ғимараты, телефон: 872932 (код) 50-9-25

Шекарасы: Бейнеу ауылының Б.Майлин атындағы көшесінің № 141-240 үйлері, Қ.Сәтбаев атындағы көшесінің № 161-225 үйлері, Т.Рысқұлов атындағы көшесінің №139-226 үйлері, Асау Батыр атындағы көшесінің № 146-221 үйлері, Балунияз атындағы көшесінің № 166-251 үйлері, Қ.Тоқсанбайұлы атындағы көшесінің № 164-220 үйлері, Амантұрлы Батыр атындағы көшесінің № 144-250 үйлері, Бозжыра көшесінің және Сүгір Бегендіқұлы көшесінің қиылысынан Бозжыра көшесінің Қаржаубай Жылқыбаев көшесімен қиылысына дейінгі үйлер, Қалнияз ақын атындағы көшесінің №76-123 үйлері, Рзаевтар атындағы көшесінің №50-146 үйлері.

Төраға – Корпелиева Каракоз Исатаевна
Төраға орынбасары – Туракбаева Гүлжамал Чаканбаевна
Хатшы – Алданова Анар Кенесбайқызы
Комиссия мүшелері: Байманова Аймекен Базарбаевна, Шыхбаева Шынар Нурмухановна, Сапарова Мараш Сайлауовна, Набиева Злиха Базарбаевна.

№141 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Бейнеу ауылының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ ғимараты. 872932 (код) 50-1-51

Шекарасы: Бейнеу ауылының Достық, Ынтымақ, Бірлік, Білеулі, Белдеулі, Жезді, Аспантай, Уәйіс Қайралапов, Әбдібек Жаманбаев көшелерінің үйлері.

Төраға – Умаров Рамазан Батырханович
Төраға орынбасары – Имаганбетов Ғабит Отызбаевич
Хатшы – Джумадилова Куралай Акбердиевна
Комиссия мүшелері: Айтымбетова Манчук Сапарбайқызы, Айтжанов Асылбек Ілясұлы, Андамасова Асем Каирғалиевна, Исмагулов Бибарыс Игиликұлы.

№142 референдум учаскесі

Орналасқан жері: Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Біләл Қалиев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты, телефон: 872932 (код) 50-0-33

Шекарасы: Бейнеу ауылының Айрақты, Жайылған, Дағар, Шаршы, Құсшы, Күйкен, Есенқазак, Теректі, Лабақ батыр, Шүңкілдек, Бопай ханым, Әбілхайыр хан, Абылай хан, Хасан хазірет, Сарыарқа, Каспий, Нарынқол, Жетісу, Ұлытау, Мұғалжар, Апатау, Жайық, Балқаш, Қалмұрат Сабырбаев, Шерқала, Желтау, Қарабұлақ, Ұланақ көшелерінің үйлері, Көне Бейнеу жеріндегі үйлер.

Төраға - Бисенов Берік Рашид-Ахметұлы
Төраға орынбасары – Есмағанбетов Серик Манергеймович
Хатшы – Калилаев Азамат Жумагулулы
Комиссия мүшелері: Алиев Мейірбек Тлеумуратович, Жанабаев Танабай Танатович, Мурадов Жоламан Комакович, Сәдуов Әміржан Оңғарұлы.

Учаскелік референдум комиссияларының жұмыс уақыты сағат 9:00-18:30, үзіліс 12:30-14:00

Бейнеу ауданының аумақтық референдум комиссиясы.



М.МАҚАТАЕВ – 95

ӨМІРІ – ДАСТАН, АҚИЫҚ АҚЫН



ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ МҮЗБАЛАҚ АҚЫНЫ МҰҚАГАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ ЕСІМІ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ МӘҢГІ САҚТАЛАТЫН АСЫЛ ҚАЗЫНА. БИЫЛ АҚИЫҚ АҚЫНДЫ 95 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ӨНЕР МЕН ӨЛЕҢ СҮЙЕР ҚАУЫМ ЕСКЕ АЛЫП, ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУДА.

Осындай шаралардың бірі – Опорный жалпы білім беретін мектебінде өткен «Жыр болып аққан Мұқағали» атты сайыс сабақ.

Өлсе өлер, Мұқағали Мақатаев, Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім, – деп жырлағандай, оның өлеңдері уақыт өткен сайын жаңғырып, ұрпақ санасына сәуле шашып келеді. Ұйымдастырылған әдеби сайыстың басты мақсаты – оқушылардың поэзияға деген сүйіспеншілігін арттыру, Отанды сүйе, табиғатты аялауға тәрбиелеу мен ақын шығармашылығы арқылы эстетикалық талғам мен елжандылық қасиеттерін қалыптастыру болды.

Үш бөлімнен тұрған сайыс тартысты әрі мазмұнды өтті. Алғашқы кезеңде оқушылар өздерін таныстырып, Мұқағали жырларын жатқа мәнерлеп оқыды. Ақынның туған жерге, анаға, Отанға деген шексіз махаббатын арқау еткен өлеңдері жас жүректерден шынайы сезіммен өрілді. Келесі кезеңде қатысушылар «Мұқағали туралы не білеміз?» бөлімінде ұяшықтар арқылы қойылған сұрақтарға жауап беріп, ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты білімдерін саралады. Бұл бөлімде оқушылардың ізденісі мен дайындығы анық байқалды.

Ал үшінші кезеңде ақын сөзіне жазылған әндер шырқалып, Мұқағали әлемі әуен арқылы да әспеттелді. Сайыс нәтижесінде I орынды Ықылас Нұрым, II орынды Дильназ Даниярқызы, III орынды Әсель Талғат иеленді. Жеңімпаздар арнайы дипломдармен марапатталды. Әділ-қазылар алқасының құрамында мектеп кітапханашылары, логопед маман және бастауыш сынып мұғалімдері болып, қатысушылардың өнеріне әділ бағасы берілді.

Әдеби кеш барысында оқушылар ақынның өмір жолына тереңірек үңіліп, оның шығармаларындағы ұлттық рух, адамгершілік құндылықтар, табиғат пен туған жерге деген іңкер сезім жайында мол мағлұмат алды. Мұқағали жырлары арқылы жас буынның жүрегінде поэзияға деген құрмет пен сүйіспеншілік ұялағаны анық сезілді.

Қысқа ғана 45 минут аясында ақын әлемін толық танып-білу мүмкін болмаса да, бұл әдеби сағат оқушыларға үлкен рухани әсер сыйлады. Олар Мұқағали мұрасымен сусындап, оның өлеңдерінің өміршеңдігін тағы бір мәрте сезінді. Ақынның қараңғы түн қойнауында жарқыраған жарық жырлары қазақ аспанында мәңгілік сәуле шашпақ. Абаймен үндес, халқының рухын жырлаған Мұқағалидай перзенті бар ел – шын мәнінде бақытты ел.

Осындай тағылымды шаралар жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, ұлттық әдебиетке деген құрметін арттырып сөзсіз. «Жыр болып аққан Мұқағали» атты сайыс та – соның жарқын дәлелі.

Бақтыгүл ЮХАНОВА,
бастауыш сынып мұғалімі.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ МҮЗБАЛАҚ АҚЫНЫ, ЖЫР
ӘЛЕМІНІҢ ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗЫ МҰҚАГАЛИ МАҚАТАЕВ-
ТЫҢ 95 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ МЕКТЕБІМІЗДЕ
«ПОЭЗИЯ! МЕНІМЕН ЕГІЗ БЕ ЕДІҢ?!» АТТЫ ӘДЕБИ-САЗДЫ
КЕШ КЕҢ КӨЛЕМДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП ӨТКІЗІЛДІ.



ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫНА ТАҒЗЫМ



Рухани шараға 1-5-сынып оқушылары қатысып, ақын шығармашылығына деген құрметтерін өнер арқылы білдірді.

Әдеби кештің басты мақсаты – Мұқағали Мақатаев шығармаларының өміршеңдігін жас ұрпақ санасына сіңіру, поэзия құдіретін ұғындыру, оқушылардың көркем сөзге деген сүйіспеншілігін арттыру. Сонымен қатар ақын жырлары арқылы отансүйгіштікке, адамгершілікке, туған жерді қадірлеуге тәрбиелеу көзделді.

Кеш басында мектеп директоры Н.Айтмұханов құттықтап, Мұқағали поэзиясының ұлт руханиятындағы орны ерекше екенін атап өтіп, жас буынға ақын шығармаларын оқып-үйренудің маңыздылығына тоқталды. Оқушыларға сәттілік тілеп, осындай тағылымды шаралардың тәрбиелік мәні зор екенін жеткізді.

Шара барысында оқушылар ақынның жүрек тербетер лирикалық өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Әсіресе туған жер, ана, махаббат тақырыбындағы жыр жолдары көрерменнің көңілін толқытып, ерекше әсер сыйлады. Балалардың шынайы сезіммен, нақышына келтіре оқыған өлеңдері ақын рухына деген құрметтің айқын

көрінісі болды.

Сонымен бірге Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған бейнебаян көрсетіліп, көрермендер ақынның ғұмыр жолы, шығармашылық ізденістері мен қызметі жайлы мол мағлұмат алды. Бейнебаян арқылы оқушылар ақынның тек сөз зергері ғана емес, халқына адал қызмет еткен біртуар тұлға екенін тереңірек түсінді.

Кештің сәнін мектеп өнерпаздары кіргізді. Бишілер тобы қазақтың «Қара жорға» биін билеп, сахна төрін думанға бөледі. Әсем қимыл, жарасымды киім үлгісі мен ұлттық нақыш көрермендерге көтеріңкі көңіл күйі сыйлады.

Мектеп оқушысы Бекзат Айтмұханов домбырамен «Тұран» күйін орындап, күй өнері арқылы рухты асқақтатты. Күмбірлеген күй мен поэзия үндестігі кештің мазмұнын тереңдетте түсті.

Мектеп кітапханасында ақын шығармаларына арналған арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушылар назарына Мұқағали жыр жинақтары, естеліктер мен зерттеу еңбектері ұсынылды. Бұл көрме жас оқырмандардың ақын

шығармашылығына қызығушылығын арттыра түскенін көрсетті.

Кеш барысында оқушылар ақынға арнаған өлеңдерін оқып, жүрек-жарды тілектерін білдірді. Шара соңында қатысушылар кері байланыс жасау арқылы өз әсерлерімен бөлісіп, кештің мазмұнды, әсерлі әрі тәрбиелік мәні зор болғанын айтып, осындай әдеби кездесулер жиі өткізілсе деген ұсыныстарын жеткізді.

Белсенділік танытып, өнер көрсеткен оқушылар мектеп әкімшілігі тарапынан дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Бұл – жас таланттарды қолдаудың және олардың шығармашылық қабілеттерін шыңдаудың бір көрінісі.

Мұқағали Мақатаев – қазақ жырының мәңгілік шамшырағы. Оның «Поэзия! Менімен егіз бе едің?!» деп басталатын сыршыл жолдары бүгінгі ұрпақпен де үндесіп, жүректерге жол табуда. Ақын мұрасы – ұлттық асыл қазынасы, рухани байлығы.

Айман ҰЗАҚБАЙҚЫЗЫ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Absolute Oil LTD Жеке компаниясы «Солтүстік-Батыс Елемес кен орнындағы тереңдігі 3000 м болатын № E-146 пайдалану ұңғымасында көлденең аяқтаумен бүйірлік оқпанды қию және көлбеу-бағытталған бұрғылау бойынша жеке техникалық жобасы» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) және Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 26 наурыз сағат 15:00-де өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Боранқұл ауылы, Мәдениет үйі ғимаратында өтеді.

Онлайн қосылымға сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/83941215076?pwd=XPFCWD8C7IEytcQSomtdvtcmlebbbc.1>

Конференция идентификаторы: 839 4121 5076. Кіру коды: LTD123456

Белгіленген қызметтің бастамашысы: Absolute Oil LTD ЖК, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік даңғылы, 37-үй, 29-пәтер, БСН 240940900632, Эколог – Екибаева Жаннат, тел. 8 (701) 999 2484

Жобаны жасақтаушы: «SciRes» ЖШС, БСН 140240026048, Ақтау қ-сы, 9-ша, 18-үй, 9-кеңсе, тел: 8701 527 4136.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.: 8(7292) 43-10-88; ұялы тел.: +7 (778) 113-9897

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында орналастырылған.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ

ЧК Absolute Oil LTD сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по «Индивидуальному техническому проекту нарезку бокового ствола и наклонно-направленного бурения с горизонтальным окончанием в эксплуатационной скважине № E-146 глубиной 3000 метров на месторождении Елемес Северо-Западный» Раздел охраны окружающей среды (РООС) и План мероприятий по охране окружающей среды.

Слушания состоятся: 26 марта 2026 года в 15:00 ч.

Место проведения: Мангистауская область, село Боранкул, здание Дом культуры.

Ссылка на онлайн подключение:

<https://us06web.zoom.us/j/83941215076?pwd=XPFCWD8C7IEytcQSomtdvtcmlebbbc.1>

Идентификатор конференции: 839 4121 5076. Код доступа: LTD123456

Инициатор намечаемой деятельности: ЧК Absolute Oil LTD, 010000, г. Астана, район Есиль, пр. Мангилик ел, д. 37, кв. 29, БИН 240940900632, Эколог – Екибаева Жаннат, тел. 8(701) 999 2484

Проектная организация: ТОО «SciRes», БИН 140240026048, г. Ақтау, 9 мкр, дом 18, офис 9, тел: 8701 527 4136.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел. 8 (7292) 43-10-88; моб.тел.: +7 (778) 113-9897.

Документация по проекту размещена на портале <https://ndbecology.gov.kz>.

№65

Меншік иесі:



Директор
Ануарбек БИМАҒАМБЕТ

Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru



аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде "06".02.2013 жылы есепке қойылып, №13363-Г куәлігі берілген.

Редактор – Таңат АМАЛБАЕВ.
Тілшілер: Үміт ҚАЗДАЕВА,
Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.

Газет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС
Ақпарат және дизайн орталығында беттелді

Жетекші –
Гүлнара ТАСБОЛАТОВА

Беттеуші дизайнер –
Эльмира Сейдахметова.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.
Тел: 8 7122 458-660, 586-392.
Тапсырыс: 0186

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

Таралымы: 3300. Индекс: 65690
газет бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

17 АҚПАН	түнде: +2	күндіз: +12
18 АҚПАН	түнде: +2	күндіз: +6
19 АҚПАН	түнде: 0	күндіз: +5
20 АҚПАН	түнде: -4	күндіз: 0
21 АҚПАН	түнде: -5	күндіз: 0